

Диплом жұмысының тақырыбы:  
***Бастауыш  
білім беру мазмұнында ғылыми  
зерттеу жұмыстарын  
ұйымдастырудың  
педагогикалық ерекшеліктері***

Жұмысты орындаған: ***ПМНО 13-3 тобының  
білімгері Маханова Гульмира Шарабовна***  
Диплом жетекшісі: ***Кенжебаева Алима Толеуовна***

# Кіріспе


*Зерттеу жұмысының көкейкестілігі. Қазіргі кезеңдегі білім беру ісінің нысаны – жас ұрпақтың біліктілігін қалыптастырып қана қоймай, олардың бойында ақпаратты өздері іздеп табатын және талдай алатын, сондай-ақ ұтымды пайдалана білетін, жылдам өзгеріп жатқан бүгінгі дүниеге лайықты өмір сүріп, қызмет жасауға қабілетті тұлғалық қасиеттерді қалыптастыру*

*Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың 31 қаңтар 2017 жылы “Қазақстан үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік” атты Қазақстан халқына Жолдауында еліміздің жаңа дәуір қарсаңында дамуының стратегиясын белгілей келе, уақыт рухын сезіндіріп, бүгінгі күннің толғандыратын мәселелерін шешудің жолдарын алдымызға алып шықты.*

## **“Қазақстан – 2030”**

*бағдарламасында: “ ...біздің жас мемлекетіміз өсіп-жетіліп кемелденеді. Біздің балаларымыз бен немерелеріміз онымен бірге ер жетеді. Олар өз заманының жауапты да жігерлі, білім өресі биік, денсаулығы мықты өкілдері болмақ. Олар бабаларының игі дәстүрлерін сақтай отырып, қазіргі заманғы нарықтық экономика жағдайында жұмыс істеуге даяр болады...”,- делінген*

# З Е Р Т Т Е У




**мақсаты – Оқушылардың ғылыми зерттеу жұмыстарын ұйымдастырудың педагогикалық ерекшеліктері мен маңызын көрсету**



**объектісі – Бастауыш сынып оқушыларын ғылыми зерттеу жұмыстарына бейімдеу үрдісі**



**пәні – Оқушылардың ғылыми зерттеушілік біліктерін қалыптастыру**



**болжамы – егер бастауыш сыныпта оқушылардың ғылыми зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру арқылы оқушылардың ой-өрісі, шығармашылыққа талпынысы дамытылатын болса, онда олардың ғылыми зерттеушілік, ізденушілік біліктерін қалыптастырудың мүмкіндіктері айқындалады, пәнге деген қызығушылығы нәтижелі қалыптасады**

# *Зерттеу міндеттері*

- Зерттеу тақырыбына байланысты әдебиеттерімен танысып, оларға ғылыми-әдістемелік тұрғыдан шолу жасау;
- Оқушыны ізденушілікке баулу, оған зерттеу дағдысы мен білім, білік, дағдыларын жан-жақты қолдана білуге мүмкіндік туғызу;
- Оқушы қоршаған ортамен таныса отырып, өзіндік зерттеу әрекетінің көмегімен жаңа білімді дайын күйінде емес, өзі ашуға ұмтылдыру;
- Оқушының ғылыми жұмыста таңдаған бағыты бойынша өзінің даму деңгейіне шығуына жағдай жасау.

- **«Бастауыш білім беру мазмұнында оқушылардың ғылыми зерттеу жұмыстарын ұйымдастырудың теориялық негіздері»** атты бірінші бөлімде бастауыш білім беруде ғылыми зерттеу жұмыстарын ұйымдастырудың педагогикалық ерекшеліктеріне ғылыми талдау жүргізілді. Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілетін дамыту мәселелері қаралады, оның болжамды нәтижелері анықталды.
- **«Бастауыш мектептегі оқу үдерісін жетілдіруде оқушылардың ғылыми зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру жолдары»** атты екінші бөлімде бастауыш сынып оқушыларын ғылымға бейімдеу және оларға қойылатын талаптары жіктелді. Ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізудің әдіс- тәсілдері іс-тәжірибе нәтижесін жетілдіру жолдары арқылы қарастырылады.

# **1 БАСТАУЫШ БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ**

## **1.1 Ғылыми – зертеу жұмыстарының түрлері мен әдіснамалық мазмұны**

Ғылым – бұл қоғам, табиғат және ойлау қабілеті туралы жаңа білімді алу үшін бағытталған зерттеу әрекетінің сферасын айтады. Бүгінгі күні мектепте ғылыми зерттеу жұмыстарын ұйымдастырудың қол жетімді түрі – оқушылардың ғылыми қоғамы болып отыр.

Оқушылардың ғылыми қоғамы (ОҒҚ) жас ерекшеліктері әр түрлі, жоғары интеллектуалды, шығармашыл оқушылардан құралады. ОҒҚ-ның атқаратын негізгі қызметі - оқушылардың ғылыми ізденушілікке қызығушылығын кеңейтуге, зертеулік оқыту біліктері мен дағдыларын қалыптастыруға, әдебиеттермен жұмыс жасауды үйретуге және т.б. бағытталады. ОҒҚ-на мұғалім жетекшілік етеді. Жетекші мұғалім оқыту сабақтарын ұйымдастырады, оқушылардың қызығушылығын ескере отырып ұжымдық жобалардың тақырыптарын жоспарлайды, қорытындылау жиналыстарын дайындайды, жас зерттеушілердің жұмыстарына мониторинг жүргізеді. Осындай іс-әрекеттердің нәтижесінде дарынды балаларды анықтауға және ғылымға жетелеу арқылы шығармашылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік туылады. Дегенмен, мұндай әрекеттер мектеп оқушыларының 10 ғана құрайды, ал қалғаны ізденістен тыс, пассивті оқу жағдайында білім алады.

- **1.2 Бастауыш білім беру мазмұнында ғылыми зерттеу жұмыстарын ұйымдастырудың педагогикалық ерекшеліктері**
- Ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру, дамыту – оқушы шығармашылығын қалыптастырудың нақты жолдарының бірі екенін де естен шығармау қажет. Бұл жұмыс заманауи ақпараттық технологияларды қолдана отырып, қажетті бағдарлы базаларға еніп, деректер қорымен жұмыс жасауды қамтамасыз етеді.
- Ғылыми жұмыс, зерттеу дегеніміз – адамның еңбектену іс – әрекетінің ерекше түрі. Бұл іс – әрекет адамнан еңбекқорлық, мақсаттану, уақытша туындаған сәтсіздікті жеңе білу қабілетін, оның интеллектуалды мүмкіндіктерін барынша пайдалануды қажет етеді. Ғылыми еңбектің мақсаты адамзатқа осы уақытқа дейін беймәлім ақиқатты ашу, табиғат жұмбақтарына тереңірек үңілу, адамзат игілігіне пайдаланатан табиғи күштерді қолданудың жаңа жолдарын, адамды, оның ішкі яғни дене күштерін және рухани қайратын зерттеу. Ғылым аясында еңбек ету әрқашанда құрметті және мәртебелі болып саналған.
- Зерттеу жұмысы – шығармашылық үрдіс. Оның барысында өзгертулер, толықтырулардың болып тұруы заңды құбылыс. Зерттеу жұмысына, ең алдымен жоспар жасап алу керек. Жұмыс жоспары «Не істеу керек, қандай жолдары бар, қандай әдістер дұрыс ? » деген сұрақтарды қамтиды.



## 1.3 Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілетін дамыту мәселелері

- Шығармашылық қабілеті дамыған ұрпақтың болуы – бүгінгі қоғам талабы [37].
- Баланың шығармашылық қабілетін дамыту деп, ең алдымен оған қатысты адам сапаларын қалыптастырамыз. Оған ойлау белсенділігі, тездете үйрену, ептілік пен тапқырлық, нақтылы практикалық жұмысты орындауға қажетті білімді игеруге талпыну, еңбексүйгіштік, әр түрлі құбылыстардағы өзгешелікті көре білу қабілеті және т.б. жатады. Дербес жасалатын шығармашылық өнім: үлгі, макет, өлең, ойыншық, т.б. шығармашылық, іскерлік қызметке қажетті сапалардың осыншалық ауқымды әрі тиімді дамуының нәтижесі болуы тиіс [37].

## **2 БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕГІ ОҚУ ҮДЕРІСІН ЖЕТІЛДІРУДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ**

### **2.1 Бастауыш сынып оқушыларын ғылымға бейімдеу және оларға қойылатын талаптар**

Бастауыш сынып оқушыларының қабілетін анықтауды ғалымдар үш деңгейде қарастырады. Олар: теориялық, әдістемелік, педагогикалық - ұйымдастыру.

1 Теориялық- дарындылықты анықтау.

Әр оқушының дамуы мен келешекте оқыту аспектілерін ұйымдастыру және оның зерттеу жұмысының нәтижесі негіз бола алады.

2 Әдістемелік- қабылданған анықтау әдісі мен дарынды оқушының білімін дамыту бағдарламасының сәйкестігі.

3 Педагогикалық-ұйымдастыру-дарынды балалармен диагностикалық жұмысты таңдау түрі мен ұйымдастыру әдісінің болжамы.

Ғылыми жұмысқа баулу оқушыларды өздік жұмысына бағыттаудың бірден-бір тиімді жолы болып табылады. Ғылыми жұмысқа ұсынылатын тақырыптар зерттеуге, ізденіске бағыттайтындай пән негізіндегі талдау түрлерін қамтитындай сипатта болу керек. Ғылыми жұмыс тақырыбының бірнеше нұсқалығы оқушы таңдауына мүмкіндік туғызады және қандай түрде қорғайтыны оқушылардың өзінің қалауына қалдырылатын болғандықтан, қызығушылығын арттырады.

## 2.2 Бастауыш сыныпта ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізудің әдіс-тәсілдері


- Бақылау әдісі. Бұл педагогикалық мәселелерді зерттеуде жиі қолданылып жүрген әдістердің бірі. Бақылау деп әдеттегі жағдайда педагогикалық құбылыстарды қабылдау арқылы тануды айтады. Ғылыми бақылау арнайы жоспар бойынша жүргізіледі. Жоспарда бақылаудың мақсаты мен міндеттері, объектісі (сабақ, саяхат, лабораториядағы, шеберханадағы, оқу тәжірибе учаскесіндегі оқушылардың жұмыстары), жүргізу әдісі мен техникасы дұрыс көрсетілуі тиіс

Бастауыш сынып оқушыларын ғылыми-зерттеу жұмысына бейімдеу мақсатына арналған эксперименттік жұмыс жүргізілді. Эксперимент №32 орта мектептің 4 «Б» сыныбында өткізілді. Экспериментке 30 оқушы қатысты.

- Оқушылардың білім көрсеткіші үш деңгей жоғары, орта, төмен болып белгіленді.
- Жоғарғы деңгей. Жеке пәндерден материалдарды жетік түсініп, оларды іс-жүзінде пайдалана алады. Қиын материалды түсінуге ұмтылады.
- Орта деңгей. Білімі бар, дегенмен толықтай емес. Оқушылар кейбір жағдайда дұрыс талдау жасап, оны шешу жолдарын көрсетеді. Енді бір жағдайда толық білімінің жоқтығынан қиналады.
- Төменгі деңгей. Білімі таяз. Түсінуге ынтасы жоқ. Қиындық кезінде мүлдем селқос отырады.
- Эксперименттің міндеті: бастауыш сынып оқушыларын өз бетінше ізденуге дағдыландыра отырып ғылыми-зерттеу жұмысына бейімдеу

Кесте 2 - Бақылау тобының эксперимент нәтижелерінің сандық көрсеткіштері

Деңгейлер	Барлық оқушылар саны 30	
	Экспериментке дейін.	Эксперименттен кейін.
	30	30
Жоғарғы	5- оқушы 12,11%	17- оқушы 13,8%
Орта	10- оқушы 31,06%	10- оқушы 32,9%
Төменгі	15- оқушы 56,83%	3- оқушы 46,7%



Сурет- 1 Бастауыш сынып оқушыларының оқу ойындарын меңгеру қабілеттері мен білім деңгейінің эксперименті (бастапқы кезең,%)

Сонымен, тәжірибелік эксперимент нәтижелері зерттеу барысында оқушылардың ғылымға деген қызығушылығының жоғары екендігін төмендегі 3- кесте дәлелдейді (кесте 3 қараңыз).

Кесте 3 - Эксперимент тобының эксперимент нәтижелерінің сандық көрсеткіштері

<i>Деңгейлер</i>	<i>Барлық оқушылар саны 30</i>	
	<i>Экспериментке дейін.</i>	<i>Эксперименттен кейін.</i>
	<i>30</i>	<i>30</i>
<i>Жоғарғы</i>	<i>5- оқушы 11,11%</i>	<i>17- оқушы 44,13%</i>
<i>Орта</i>	<i>10- оқушы 32,06%</i>	<i>10- оқушы 47,94%</i>
<i>Төменгі</i>	<i>15- оқушы 56,83%</i>	<i>3- оқушы 7,93%</i>



Сурет -2Бастауыш сынып оқушыларының оқу ойындарын меңгеру қабілеттері мен білім деңгейінің эксперименті (соңғы кезең,%)



Әр мұғалімнің аса маңызды міндеттерінің бірі әр оқушының бойындағы қабілетті, икемділікті көре білу болып табылады. Дарынды балаларды іздеу, оларды оқыту мен тәрбиелеу қоғам үшін бүгінгі күні өте қажет. Әрбір дарынды адам, еңбекке бейім, шығармашылық тапқырлықпен жігерлі еңбек етеді. Осы қасиеттерді біз мектеп тарапынан әр оқушының бойынан қалай анықтауымыз керек деген сұрақ туындайды. Осыған байланысты біз мектепте психологпен ақылдаса отырып, ата-аналардан, күнделікті сабақ өткізетін мұғалімдерден сауалнама ала отырып дарынды оқушыларды іріктеп алдық. Сонымен дарынды, таланты бала деп баланың, ата — ананың мектептің үздіксіз еңбегінің жемісін айтуға болады.

Қандай дарынды бала болмасын, оның барлығы өз бетімен ғылыми жұмыс жазуға, зерттеу, ізденіске бара алмайды. Ол үшін мұғалімнің көмегі, ақыл- кеңесі қажет.

Оқушыларды бастауыш мектепте ғылыми зерттеу жұмыстарына тартудың бір жолы- әдебиеттік оқу сабақтары негізінде жүзеге асады. Мектеп оқушыларының ғылыми жұмыспен айналысуы уақытымыздың өзекті мәселесі. Жалпы білім беретін орта мектептегі негізгі пәндер бойынша оқушылардың ғылыми- зерттеу жұмыстарын жүргізуге алғашқы бағыт-бағдар беріледі. Қазіргі қазақ мектебі- жаңа қазақстанның өскелең ұрпақтарына білім, ғылым негіздерін меңгертетін бастапқы орын. Қазіргі кездегі қазақ мектептері өздері дайындаған түлектерінің болашақ білікті маман ғалым болуы үшін бар мүмкіндіктерін пайдалануда.

Табиғи дарыны мен қабілеті бар талантты шәкірттердің қазақ өркениетін өркендеріміздің талай ғылыми жаңалықтар ашатынына сенеміз.

**Назарларыңызға рақмет!**